

2013 жылы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 196 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 ақпанда № 4048 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылы жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары **б е к і т і л с і н .**

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбекақы төлемі жергілікті бюджет қаражатынан нақты жұмыс істеген уақыт үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген ең төменгі жалақының екі есе **м ө л ш е р і н д е** **б е л г і л е н с і н .**

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісінің негізінде жұмыс берушілердің қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбекақысына, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарына, әлеуметтік салыққа, қосылған құн салығына және жыл сайынғы еңбек демалысының пайдаланбаған күндері үшін өтем төлемдеріне **ж ұ м с а л а т ы н** **ш ы ғ ы н д а р ы н** **ө т е с і н .**

4. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру уәкілетті орган мен осы тізбеде белгіленген ұйымдар арасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасасқан қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген талаптар бойынша жүргізілсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға **т а р а т ы л а д ы .**

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М.Т. Мұратбековқа жүктелсін.

міндетін атқарушы

Қ о с т а н а й қ а л а с ы ә к і м і н і ң
А. Шамшиев

КЕЛІСІЛГЕН

Қостанай облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасының
"Қостанай қалалық ауруханасы"
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының бас дәрігері

С. Шуменбаев

"Помощь" қоғамдық қорының
атқарушы директоры
Ю. Калюжный

Қостанай қаласы әкімдігінің
2013 жылғы 30 қаңтардағы
№ 196 қаулысымен бекітілген

2013 жылы жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары

№	Ұйымның атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі, сағат	Жұмыстағы нақты жағдайлары
1	2	3	4	5
1	"Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің Қостанай қаласы әкімдігінің спорт мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны сарайы"	Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін аумақты абаттандыруға және жасыл екпелер мен гүлзарларды күтіп ұстауға көмек.	3060	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"	Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін шот-хабарламаларды, наразылықтарды, ескерту қағаздарды, хабарламаларды		Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан

2	мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің «Қостанай жылуэнергетикалық компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	беру, есептегіш құралдардың бақылау көрсеткіштерін жазып алу және актілер жасау жұмыстарды жүргізуге көмек.	17000	кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
3	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін учаскелер аланың өлшеу, хабарламаларды, шақыру қағаздарды және ескерту қағаздарды беру, актілерді жасау жұмыстарды жүргізуге көмек	15300	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды
4	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" Қостанай қаласы әкімдігінің "Мәдениет және демалыс паркі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін орталық сквер және қалалық жағажай аумағын абаттандыруға көмек.	31548	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
5	Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай қалалық ауруханасы" коммуналдық	Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін іргелес аумақты және абаттандыруға тұрғылықты жері жоқ ауру	5880	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық

	мемлекеттік кәсіпорны	азаматтарға етуге көмек.	қызмет		жұмыстардың қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
6	"Помощь" қоры	қоғамдық	Жүре біткен иммундық тапшылық синдромының профилактикасы бойынша кәсіби даярлығын талап етпейтін әлеуметтік жұмыс.	24480	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
7	"АБЗ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін бекітілген аумағындағы және көшелерді пайдалану жалпы жерлерін абаттандыруға көмек.	30600	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
8	"ДК-Мақсат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін аудандарындағы және көшелерді пайдалану жалпы жерлерін абаттандыруға көмек.	77520	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
					Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында

9	"Костанай-Зеленстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін шағын аудандарындағы көшелерді және жалпы пайдалану жерлерін абаттандыруға көмек.	17000	көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
10	"Тазалық-2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алдын ала кәсіби даярлығын талап қала аумағын абаттандыруға көмек.	34650	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.